

ЛЕНИН ТУУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 232 (9294) | 1953 жылғы 22 ноябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Қысқы спорт маусымы

Біздің елімізде физкультура мен спорт партиямыз бен үкметіміздің күнбе-күн қамқорлық жасауы нәтижесінде еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің күшті құралдарының біріне айнылып отыр. Сондықтан да еліміздің еңбекшілері физкультура қозғалысын барған сайын өрістетіп беріп, ісіне арқапан белсене қатысып келеді. Мұның өзі физкультура мен спорт саласында бірқатар тамаша табыстарға жетуімізге мүмкіншілік турғызу-да.

Әресе, жастар спортпен үнемі шұғылдана отырып, бұл салада бұрынғы көрсеткіштерді үнемі жапартып келеді. Еліміздің жастары түрлі халықаралық жарыстарда советтік спорт өнеріне барған сайын жетіле түскендігін талай рет дәлелдеп берді. Үстіміздегі жылы Румынияның астанасы Бухаресте өткізілген жастардың халықаралық фестивалінде, совет жастарының тамаша жеңістерге жетуі, дүние жүзінің шахмат жөніндегі чемпионы Михаил Ботвинникпен кездесу үшін Швейцарияда өткізілген шахмат турнирінде советтік шахмат мектебі өкілдерінің көрнекті табыстарға жетуі біздің елімізде спорттың барлық түрлері бойынша жең көлемде жұмыстар жүргізілетіндігін айқын дәлелдейді, сонымен қатар, советтік спорт мектебінде жаттығу-тәрбие жұмыстарының нәрменді жүргізілетіндігін көрсетеді.

Бүгін еліміздегі сыяқты біздің облысымыздағы физкультура және спорт ұйымдары соңғы кезде өздерінің жұмыстарын едәуір жақсартты. Үстіміздегі жылдың бас кезінде өткізілген бүкілқазақстандық шаңғышылар жарысында, сол сыяқты, село жастарының спартакиадасында облысымыздың спортшылары жақсы көрсеткіштерге жетісті. Қаладағы «Динамо» спорт қоғамының мүшесі Марков конькимен жылдам жүгіру жөнінде 500 метрлік жерден өтудің республика бойынша чемпионы болды. Сол сыяқты, шаңғышылар Баранова және Руднев республикалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болды.

Облысымызда таңдаулы велосипедшілер, суда жүзгіштер, волейболшылар мен футболшылар бар. Жазғы спорт маусымында олар өткен жылдарға қарағанда, өздерінің спорт шеберліктерін едәуір арттырғандықтарын байқатты. Әресе, спорт қоғамдарының футболшылары республикалық жарыстарда және қалааралық кездесулерде ойындарды жақсы нәтижелермен аяқтап

«Шокара», «Динамо» ерікті спорт қоғамдарының физкультурашылары қысқы спорт құралдарын алдын-ала әзірлеумен қатар, шаңғымен жүру, коньки тебу жөнінде жаттығу жұмыстарын қар түспестен бұрын жүргізді. Мұндай күнібұрын жүргізілген жұмыстардың өзінің игі нәтижесін беретіндігі сөзсіз. Солай бола тұрса да, «Буревестник», «Авангард», «Спартак» ерікті спорт қоғамдарының, басқа да бірқатар спорт ұйымдарының басшылары қысқы маусымға мейлінше қанағаттанғысыз әзірлікпен келді. Олар жаттығу жұмыстарын қар түскеннен кейін ғана бастады.

«Энергия» спорт қоғамының қысқы маусымға әзірлікті ерте жүргізуіне толық мүмкіншілігі болды. Бұл қоғамның физкультурашылары быйығы жылы жаңа стадион алды, онда түрлі ойындар өткізуге арналып жабдықталған зал бар. Бірақ, осы күнге дейін аталған зал жаттығу жұмыстарын жүргізуге толық пайдаланылмай келеді. Өйткені, онда пешінің орын, түрлі ойындар өткізетін бөлме жылытылмаған. Стадионның өзіне су проводы тартылмағандықтан быйығы жылы аталған спорт қоғамының мүшелері қаланың басқа стадиондарында оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізуге мәжбүр болып отыр. Бұл, ең алдымен, спорт қоғамы көрсеткішінің кінесі. Өйткені, ол қысқы маусымға әзірлікті кезінде ойластырмады.

Денсаулық сақтау орындарының тиісті бөлімдері төменгі спорт коллективтерінің жұмысындағы осындай кемшіліктерді білестіру өз тараптарынан ешқандай көмек көрсетпеді десе де болады. Сонымен қатар, комсомол және кәсіподақ ұйымдары да қысқы спорт маусымына әзірлік жұмыстарын тығызлықпен жүргізуге белсене қатысқан жоқ. Тіпті қысқы маусым басталар қарсаңында жаттықтырушылардың семинарлары да өткізілмеген. Ал, аудандық басқы маусымға жүргізілетін жұмыстарды талқылау жөніндегі физкультурашылар активінің жыйналысын үстіміздегі айдың аяқ кезінде өткізу жоспарланып отыр. Мұндай найқалушылықтың іске зиянын тигізетіні өзінен-өзі белгілі.

«Колхозшы» спорт қоғамы өзінің құрамы жағынан облыстары ең үлкен ұйым болып табылады. Бірақ, ол өзінің басты міндеті — ауыл-селолық жерлерде тұрақты коллективтер құру, жастарды спорт жұмыстарына көптен қатыстыру міндетін

Картоп және овощ шаруашылығын өркендетіп беру — аса маңызды міндет

ССРО Министрлер Советі мен СОБП Орталық Комитетінің «1953—1955 жылдары колхоздар мен совхоздарда картоп пен овощ өндіруді және дайындауды арттыру шаралары туралы» қаулысы елімізде картоп пен овощ өндірудің халықтың, әсіресе, ірі қалалар мен өнеркәсіп орталықтарындағы халықтың, өндірілі өнеркәсіптің бұл өнімдер жөніндегі өскелең талаптарынан мүлдем артта қалып келе жатқандығын атап көрсетті. Соңғы жылдары еліміздегі колхоздар мен совхоздардың көпшілігінде картоп, овощ егістерінің көлемі және одан алынып жүрген өнімнің мөлшері тіпті соғысқа дейінгі дәрежесіне де жеткен жоқ. Міне, бұл кемшіліктер біздің ауданның колхоздарында да бар. Бізде осы уақытқа дейін картоп және овощ егістерінің өнімі жөніндегі мемлекеттік жоспарлар орындалмай келеді. Мұның ақыры қала және аудан еңбекшілерінің картоп пен овощ егістерінің өніміне деген қажетін толығынан қанағаттандыра алмауға әкеліп соғуда.

Көзіргі уақытта аудан партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің алдында ауыл шаруашылығының негізгі салаларын өркендету жөнінде шұғыл міндеттер тұр: біз колхоздарда егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетумен бірге, картоп және овощ өндірісін мықтап күшейтуіміз керек. Әресе, картоп пен овощтың өнімін қала және аудан еңбекшілері қажетінше қанағаттандыру дәрежесіне жеткізуіміз қажет.

Ауданның бірқатар колхоздары алдыңғы қатарлы агротехникалық ережелерді мұқият қолдана отырып, картоп және овощ өндірісінде айтарлықтай жұмыстар істеді. Мәселен, «Луч Ленина» колхозының Ким жолдае басқарған огород бригадасының мүшелері үстіміздегі жылы 42 гектар картопты отырғызу, баптап күту, жыйнау жұмыстарын үлгімі өткізді. Осының нәтижесінде мұнда картоптың әрбір гектарынан орта есеппен 80 центнерден өнім алынды. Бұрын, колхозда картоптың әрбір гектарынан небары 40—50 центнерден ғана өнім жыйналатын. Осы бригаданың мүшелері 13 гектар капустааның әрбір гектарынан 140 центнерден өнім алды. Картоп және овощ өндірісінің өркендей түсуі колхоздың осы шаруашылықтан ақшадай кірісінің өткен жылғыдан екіжарым есе артуына мү-

БҮГІН—АРТИЛЛЕРИЯШЫЛАР КҮНІ. Айбынды совет артиллерияшыларының даңқы арта берсін!

★
Ш. ҚАБДУНАСОВ,
ҚКП Петропавл аудандық комитетінің секретары

★
Бағаммен 82.300 килограмм картоп, 3170 килограмм сәбіз, 2.800 килограмм помидор, 49.490 килограмм капуста сатты. Колхоз бұлан 100 мың сом ақшадай табыс тапты. Осы сыяқты, Жамбыл атындағы, Киров атындағы, Сталин атындағы колхоздардың колхозшылары да сауда орындарына картоп және овощ өнімдерін сатуды үлгілі ұйымдастырып отыр.

Бұл келтірілген фактілерден картоп және овощ өнімдерін арттыру жөніндегі алда тұрған міндеттер толық жүзеге асырылды деген қорытынды шықпайды. Бұл тек істің бастамасы ғана. Аудан партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылығының қызметкерлері картоп және овощ шаруашылығының өнімін шұғыл арттыруға, ол үшін бұл жұмыста алдыңғы қатарлылардың іс тәжірибесін батыл қолдана білуге, сөйтіп, картоптың, овощтың өнімін таяудағы мерзімде екі- үш есе арттыруға тиіс. Бұған бізде күш-мүмкіншілік ұшан-теңіз. Мәселе сол күш-мүмкіншіліктерді пайдалана білуімізде болып отыр.

Ауданның бірқатар колхоздары Бейсенінің бойына орналаасқан. Огород егістерін өсіп бойына орналастыру оны қолдан суару жұмысын жеңілдетеді. Мұнымен бірге жердің құнарлылығы картоптан, овощтардан мол өнім алуға өте қолайлы. Бірақ, осы зор мүмкіншіліктерді колхоздар өзі күнге дейін толық пайдалана алмай келеді. Осының салдарынан көпшілік колхоздарда картоп пен овощтардан өнім мүлдем аз жыйналып келеді.

Мәселен, Буденный атындағы колхоздың басшылары осы уақытқа дейін картоп және овощ шаруашылығына жеткілікті мән бермей жүр. Мұнда жыл сайын картоп пен овощтан алынып келген өнім белгіленген мөлшерден әлде қайда аз. Калинин атындағы колхоздың басшылары огород бригадасының жұмысына осы уақытқа дейін мән бермей келеді. Олар бұл бригаданың мүшелерін басқа жұмыстарға пайдалану әдетін жиі қолданатын болған. Осының салдарынан үстіміздегі жылы 12 гектар овощтан бірде-бір центнер өнім алынған жоқ. Ал қалған ұчас-

«Луч Ленина» колхозында 2 мың центнер картоптың тұқымы дайындалды. Сол сыяқты, сәбіздің, қыярдың, капустааның, помидордың, қарбыздың тұқымдары да жеткілікті. Сталин атындағы және Киров атындағы колхоздар да картоп пен овощ тұқымдарын дайындауда көзінді өзіңде бірқатар табыстарға ие болып отыр.

Қажетті тұқым қорын дайындау келесі жылы картоп пен овощтан мол өнім алудың бастамасы ғана. Сондықтан бұл егістер егілетін жерлерді дайындап алу да маңызды жұмыстардың бірінен саналады. Рас, ауданның кейбір колхоздары картоп пен овощ отырғызатын алаңдарды жырту, оны қоректендіру жұмысын ерте күннен қолға алды. Мәселен, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы картоп пен овощ егістеріне қажетті жерді 25—27 сантиметр тереңдікте жыртты, оны мол дайындады. Алайда, Буденный атындағы, Калинин атындағы, Димитров атындағы колхоздардың басшылары бұл іске кезінде мән бермеді. Мұның ақыры бұл аталған колхоздарда келесі жылдың егісіне арналып бірде-бір гектар жер дайындалмауына әкеліп соғып отыр.

Бізде осы уақытқа дейін картоп және овощтарды отырғызу, баптап күту, жыйнау жұмыстарында техника күші пайдаланылмай келеді. Мұның өзі бұл дақылдардың көлемін ұлғайту, оның өнімін арттыру ісіне кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Келесі жылы бұл жұмыстар негізінен техника күшімен жүргізілмек. Бұл—картоп пен овощтың өнімін арттыруда шешуші роль атқаратын болады.

Колхоздарда осы уақытқа дейін картоп, овощ шаруашылығын шын мәнінде өрістетіп алмауымызға тағы бір негізгі себеп — картоп және овощты дайындауға, өңдеуге және сақтауға материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі болып келеді. Колхоздарда бұл дақылдарды сақтауға қоймалар жеткіліксіз. Келесі жылы әрбір колхозда картоп пен овощты сақтайтын жанадан қоймалар салынады. Мұнымен бірге, үстіміздегі жылдан бастап картоп және овощ шаруашылықтарында жұмыс істеп жүрген колхозшыларға қосымша еңбекақы төлеу ісі кеңінен қолданыла бастады. Мұның өзі бұл шаруашылықта жұмыс істеп жүрген колхозшылардың еңбегіне деген ынталылығын арттыра түсуде. Келесі жылы колхоздарда

СОВЕТТІК ҚАЗАҚСТАНДА

Ақтөбе ферросплавшыларының еңбектегі табыстары

АҚТӨБЕ. (ҚазТАГ). Ақтөбе ферросплав заводының металлургтері Октябрь қарсаңындағы жарыста қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, металл шығарудың 11 айлық программасын мерзімінен бұрын орындады. Шикізатты, жартылай фабрикатты және электр қуатын үнемдеу есебінен өнімнің өзіндік құны жоспардағыдан 9 миллион сом кемітілді.

Металл қорытатын екінші цехтың коллективі технологияны үнемі жетілдіріп, өндірістің жаңа қорларын іске қосуда. Цехтың әрбір алтыншы металлургі —рационализатор. Жаңашылдар жоғары сапалы металл қорытудың технологиялық схемасын жасады. Бұл пештердің жұмыс өнімділігін арттыруға, олардың экономикалық көрсеткіштерін жақсартуға мүмкіндік берді. Цех мемлекетке бес мың тоннаға жуық руда мен жартылай фабрикат, бес миллион киловатт-сағаттан аса электр қуатын үнемдеп берді.

Металлургтердің табысты жұмысына жоспардан тыс алты жарым миллион киловатт-сағат электр қуатын өндіріп, 3.000 тоннадан аса отын үнемдеген, заводтың жылылық-электр орталығының энергетиктері көмектесті.

Жаздық бидайдың жаңа сорты

ҚОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Өткен жазда Қостанай облысының колхоздары Қостанай сорт-сынау участогінің меңгерушісі В. А. Ежов өсіріп шығарған жаздық бидайдың «слава» дейтін жаңа сортын кеңінен сынады. Тәжірибеде көрінгеніндей, бидайдың бұл сортының шығымдылығы «акмолинка» сортынан кем емес, ал дәнінің сапасы жағынан одан асып түседі. Бұл бидайдың дәні түсіп, жатып қалмайды, тозаңды қарақұйыға тезімді, ұны мен нананың сапасы өте жақсы.

Быйыл 118 гектар жерге «слава» тұқымын екен Қостанай ауданының Карл Маркс атындағы колхозы алдағы жылы бұл бидайдың егісін бірнеше есе ұлғайтуды ұйғарды.

Бірақ, жазғы спорт маусымының қорытындысынан спорт коллективтерінің жұмысында елеулі кемшіліктер де болғанын көреміз. Әсіресе, баскетбол, суда жүзу, жеңіл атлетика түрлері бойынша біздің спортшыларымыз әлі де болса шеберліктерін ойдағыдай жетілдіре алмай келе жатқандығын айта кету қажет. Спорттың бұл түрлері бойынша өткізілген жарыстарда облыс физкультуралықтары бүкіл-олақтық классификацияның үшінші разрядының нормаларын да орындай алмады.

Мұндай кемшіліктердің орын алуына көптеген спорт қоғамдары секцияларының жаттығу жұмыстарын нашар жүргізуі себеп болды. Оның үстіне жастардың бұл жұмысқа көптеп тартылмауы да аталған спорт түрлерінің дамуына керісінше әсер еткендігі байқалып отыр. Бұл жөнінде ерлікті спорт қоғамдарының советтері, денсаулық сақтау орындарының қалалық және облыстық физкультура және спорт бөлімдерінің секторлары кінәлі. Өйткені, олар облысымызда спорттың барлық түрін бірдей өрістете беруге нақтылы басшылық жасамайды.

Кәзір облысымыздың спорт коллективтері қысқы маусымға кірісті. Көптеген спорт қоғамдарының шаңғышылары жаттығу жұмыстарын жүргізуде. Стадиондардың мұз айдындарында хоккейшілердің алғашқы жолдастық бөздесулері өтіп жатыр, жастар конькимен шаңшаң жүруге жаттығуда.

Қысқы спорт маусымының табысты болуы, негізінен оған әзірлікке байланысты екені мәлім. Бұл жөнінде бірқатар спорт қоғамдарының ойдағыдай жұмыстар жүргізгендігін айта кеткен жөн. Мәселен,

Октябрь, Петропавл, Көпюхов аудандарындағы төменгі спорт коллективтері формальді түрде ұйымдастырылса да, оларда спорт жабдықтары жоқ. Сондықтан да ауыл-село жастарының өздерінің қалауы бойынша спорттың түрлерінен шұғылдануына мүмкіншілік жасалмай отыр.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы еліміздің ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуге байланысты ауыл-село еңбекшілерінің мәдени тілектерінің өсе түсіп отырғандығын атап көрсетті. Мұның өзі ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мәдени-түрмыс жағдайын жақсарту тәсілі талап етеді. Олай болса, ауыл-селолық жерлерде мәдени-бұқаралық жұмысты кеңінен өрістетуге қатар, еңбекшілерді физкультура қозғалысына да кеңінен қатыстыру қажет. Бұл үшін партия, совет және комсомол ұйымдары «Колхозшы» ерікті спорт қоғамының төменгі коллективтеріне үнемі көмек көрсетіп, оның жұмысына басшылық жасап отыруға тиіс.

Қысқы спорт маусымы — аса жауапты кезең. Сондықтан спорт қоғамдары түрлі секцияларға жастарды көптеп тартып, оларды тәрбиелеу ісіне ерекше назар аударуға міндетті. Сонымен қатар, физкультура, комсомол және кәсіподақ ұйымдары қысқы спорт маусымының табысты өтуіне барлық күш-мүмкіншілікті жұмылдыратын болулары керек. Сөйтіп, облыс физкультуралықтарының алдында тұрған құрметті міндет — облыстық рекордтарды жаңарту және жақсарту міндетін ойдағыдай шешу қажет. Сайып келгенде, физкультураны бұқаралық іске айналдыру керек.

ССР Одағы Қорғаныс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

22 ноябрь 1953 ж. № 100 Москва қаласы

Жолдастар, артиллерияшылар мен артиллерия өнеркәсібінің қызметкерлері!
Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!
Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Бүгін совет жауынгерлері біздің барлық халқымызбен бірге Артиллерия күнін атап өтеді.

Сіздерді Артиллерия күнімен құттықтап, сәлем жолдаймын және сіздердің совет артиллериясын дамытуда жаңа табыстарға жетулеріңізді тілеймін. Біздің артиллерияшыларымыз бен артиллерия өнеркәсібінің барлық қызметкерлерінің міндеті совет артиллериясының жауынгерлік әзірлігін батыл арттыру, артиллерия техникасы мен қару-жарағын дамыту, социалистік мемлекеттің қорғаныс қуатын тынбастан нығайта беру болып табылады.

Артиллерия күні құрметіне **БҰЙЫРАМЫН:**

Бүгін, 1953 жылғы 22 ноябрьде, Отанымыздың астанасы — Москвада және Одақта республикалардың астаналарында артиллериядан жыйырма дүркін оқ аттылып, салют беріледі.

Совет артиллерияшылары мен артиллерия өнеркәсібінің қызметкерлері жасасын!

Қаһарман совет халқы және оның айбынды Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

**ССР Одағы Қорғаныс Министрі
Совет Одағының Маршалы**

Н. А. БУЛГАНИН,

Сталин атындағы колхоздың Васильева жолдас басқарған огород бригадасының мүшелері де картоп, овощ егістерінен бітік өнім жыйнады. Бұл бригаданың мүшелері 15 гектар қапустаңың әрбір гектарынан 110 центнерден өнім алуға жетісті. Киров атындағы колхоздың Нең жолдас басқарған огород бригадасының мүшелері сарымсақтың гектарынан 50 центнер орнына, 78 центнер өнім жыйнады.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы картоп және овощ өнімдерін еңбекшілерге көптеп сатуы міндеттенген-ді. Колхоздар Пленум қаулысын мінсіз жүзеге асыра отырып, бірқатар жұмыстар істеді. Олар қала еңбекшілеріне соңғы бір аптада ғана 10.400 килограмм қапуста, 1.800 килограмм сәбіз, 600 килограмм сарымсақ сатты.

Осы сыяқты, картоп және овощ өнімдерін сауда орындарына сату ісі де тыңғылықты ұйымдастырылуда. «Луч Ленина» колхозының колхозшылары аудандық тұтынушылар қоғамына көтеріңкі

Қарқынды еңбек

ССРО Конституциясы Күнін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, Совет ауданы, Каганович атындағы колхоздың мүшелері елеулі табыстарға жетуде. Олар 5 декабрьге дейін тұқым қорын түрел тазартып, шығымдылық сапасына жеткізу, дайындалған жемшөпті мал қыстайтын орындарға тасып алу жұмыстарын аяқтауға міндеттенген еді. Кәзіргі уақытта олар еңбек қарқынын күннен-күнге еселеп арттырып, алған міндеттемелерін жүзеге асыруда. Астық тазартуда «ВИМ» машинасы жұмыс істейді. Колхозшылар М. Комендантова, В. Савинская жолдастар осы күрделі машинамен, сменалық тапсырма бойынша 60 центнер орнына, 70—85 центнер астық тазалайды.

Қыстауларға шөп тасу жұмысында, әсіресе, Шағлы МТС-нің тракторшылары өнімді еңбек етіп келеді.

В. ЛИЗУН.

картоп пен овощтан өнім мүлде аз алынды.

Кәзіргі кезек күттірмейтін міндет — картоп пен овощ шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктерді дереу жою, сөйтіп, ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің картоп пен овощ өндіруді және дайындауды арттыру жөніндегі қаулысын мінсіз жүзеге асыру болып есептеледі. Міне, сонда ғана аудан және қала еңбекшілерінің бұл өнімдерге деген қажетін толығынан қанағаттандыруға болады.

Картоп және овощ өндірісін мықтап күшейту жөнінде колхоздарда бұл күндері бірқатар шаралар жүзеге асырылуда. Келесі жылы картоп егісінің көлемі үстіміздегі жылғыдан екі есе, овощтардың көлемі біржарым есе арттырылмақ. Картоп егісінің 50 проценті шаршы-ұялы әдіспен отырғызылады. Сол сыяқты, овощтарды отырғызу ісінде агротехникалық ережелер мұқият қолданылатын болады.

Кәзір колхоздардың көпшілігінде картоп және овощ егістеріне қажетті тұқымды дайындау жұмысы үлгілі жүргізілуде.

Қоғамдық малға қамқорлық

Петропавл ауданы, Сталин атындағы колхоздың малшылары үкмет пен партияның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларына нақтылы істермен жауап беруде. Олар мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын ерте бастан қолға алған еді. Тұрақты құрылыс бригадалары мал қораларын жөндеу, жаңадан салу жұмыстарын қызу қарқынмен жүргізді. Барлық ескі мал қоралары сапалы жөндеуден өткізіліп, жаңадан жеті мал қорасы салынды. Осының нәтижесінде қоғамдық мал жайлы қоралармен қамтамасыз етілді. Онымен

Өнеркәсіптен МТС-ке

Партияның шақыруы бойынша республикамыздың орталығы Алматы қаласынан Булаев МТС-не бір топ ауыл шаруашылығы мамандары келді. Олардың ішінде электромеханик Орнаутов тракторшы Нектов, механик Романов және оның баласы еле-

картоп және овощ егістері егілетін алаңдардың әрбір гектарына 15 центнер жергілікті және екі центнер минеральдык тыңайтқыштар төгілетін болады.

Картоп және овощ шаруашылығы ауыл шаруашылығының ең негізгі саласының бірінен саналады. Бұл шаруашылыққа нақтылы басшылық жасау үшін жұмыстың ерекшеліктерін жете түсіну керек. Партия, совет ұйымдарының қызметкерлері картоп және овощ шаруашылығының агротехникасы мен бұл шаруашылықты механикаландыруды жақсартуға, сөйтіп, колхозшы шаруаларды бұл аса маңызды міндетті жүзеге асыруға жұмылдыра білуге тиіс.

Петропавл ауданының партия, совет ұйымдары картоп және овощ шаруашылығына басшылықты жақсартатындығы, қала және аудан еңбекшілерінің бұл шаруашылықтың өнімдеріне деген қажетін толығынан қанағаттандыруға жетісетіндігі туралы сөзсіз. Сөйтіп, үкметіміз бен партиямыздың картоп және овощ шаруашылығын өркендету жөніндегі қаулысын мінсіз жүзеге асыруға келелі үлес қосады.

В. АРТЕМЬЕВ.

Б. ЖӘКЕНОВ.

5.500 сыйыр сауынға қойылды

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Семей тресінің ет совхоздары бес жарым мың сыйырды сауынға қойды, мұның өзі өткен жылғыдан бірнеше есе көп. «Большевик», «Үлгілі малшы» совхоздарында сыйырлардың барлығы дерлік сауынға қойылды. Қысқы қорада тұратын уақытта сауын сыйырға жемшөп көп беріледі. Оның едәуір бөлегі сүрленген жемшөп, малазықтық қарбыз, концентраттар болады.

Совхоздар қысқа мерзім ішінде мемлекетке 400 центнерге жуық сүт тапсырды. Бұл — олардың бүкіл өткен жылы тапсырған сүтінің мөлшерімен бірдей.

Индияның прогресшіл қайраткерлерінің Алматыға келуі

Совет Одағын аралап жүрген Индияның прогресшіл қайраткерлері: бейбітшілікті қорғаудың Бүкіл-Индиялық комитетінің вице-президенті, Бүкіл Дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің мүшесі Моханлар Атал және жазушы Сингх Навтедж 20 ноябрьде Алматыға келді.

Аэродромда қонақтарды еңбекшілер депутаттарының Алматы қалалық Советі атқомі председателінің орынбасары Н. Бабкин, шетелдермен мәдени байланыс жасау қоғамының Қазақ басқармасының председателі Д. Смағұлов, бейбітшілікті қорғаудың республикалық комитетінің председателі, Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі Н. Базанова, Қазақстан совет жазушылары одағы басқармасының председателі Ғ. Мұстафин, жұртшылық өкілдері қарсы алды.


Қонақтар Алматыда бірнеше күн болады.

(ҚазТАГ).



Соңғы жылдарда Петропавл қаласында архитектуралық жағынан көркем көптеген үйлер салынды. Ол үйлерге қала кәсіпорындарының, мекемелерінің, жұмысшылары мен қызметшілері орналасуда.

СУРЕТТЕ: (сол жақта) А. И. Микоян атындағы ет комбинатының ФЗО мектебіне арналған, (оң жақта) комбинат жұмысшыларына арналған жаңа тұрғын Суретті түсірген А. Розенштейн.



АЙБЫНДЫ АРТИЛЛЕРИЯШЫЛАРҒА — ОТАН САЛЮТІ!

Художник М. Соловьевтың Мемлекеттік бейнелеу искусствосының баспасы басып шығарған суреті.

Социализм елінің қуатты артиллериясы

Совет халқы Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы ұрыстардағы совет артиллериясының тамаша еңбектерін біледі және бағалайды. Артиллерияның Ұлы Отан соғысындағы зор еңбектері құрметіне СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы Указы бойынша жыл сайын Артиллерия күнін мерекелеу белгіленді.

Быйылғы жылы біздің еліміздің еңбекшілері, Армия мен Флоттың жауынгерлері Артиллерия күнін халық шаруашылығының барлық салалары барған сайын өркендеген жағдайда атап өткелі оыр. Біздің экономикамыздың, ең алдымен оның негіздерінің негізі — ауыр индустрияның жедел өркендеуі Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің халықтың әл-ауқат дәрежесін арттыруға бағытталған бірқатар маңызды шаралар қабылдауына мүмкіндік берді. Кезек күттіруге болмайтын, бүкіл-халықтық міндет — тағудағы 2-3 жыл ішінде елімізде халық тұтынатын бұйымдар молшылығын жасау үшін жеңіл, тамақ өнеркәсібінің және ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету міндеті қойылып отыр. Бұл міндетті жүзеге асыру коммунизмге жету жолында ірі қалам бұқандық болып табылады.

А. МЕТКАЛЕВ,
Артиллерия гвардия генерал-лейтенанты

ның және басқа жалдамалыларына қарсы ұрыстарда да совет артиллериясы өзінің алдына қойылған міндеттерді ойлағандай орындады. Азамат соғысы жылдарында артиллерияны ұрыстарда пайдаланудағы творчестволық жаңалықтардың одан кейінгі уақытта артиллерия ғылымын дамыта беру үшін зор маңызы болды. Соғыс қарсаңындағы бесжылдықтар жылдарында елімізде қуатты өнеркәсіп жасалып, ол Совет Армиясын, соның ішінде артиллерияны да техника жағынан қайта қарулаңдыруға мүмкіншілік берді. Артиллерияның жаңа түрлері — зенит, танк және танкке қарсы артиллерия құрылды, зор және ерекше қуатты артиллерия қайта құрылды, артиллерияның басқа түрлерінің жаңадан жетілдірілген үлгілері жасалды, олар өзінің саласы жағынан шегел техникасының сондай түрінен ерлеуі артық.

тун армиясын біздің әскерлеріміздің талқандал, Жапонияны сөзсіз тізе бүтуге мәжбүр етуін қамтамасыз етті. Совет Армиясы мен оның артиллериясы тыл еңбекшілерінің жоғары ерік еңбегі нәтижесінде тамаша табыстарға жетті. Біздің елімізде қару-жарақ шығару үздіксіз артырылды. Совет артиллериясы Ұлы Отан соғысы жылдарында бес еседен аса өсті. Соғыстың соңғы үш жылында жоғары дәрежеде дамыған артиллерия өнеркәсібіміз майданға жыл сайын 220 мыңға дейін зеңбіректер мен минометтер беріп отырғандығы мәлім. Егер Сталинград түбіндегі қарсы шабуыл 5 мыңдай зеңбіректер мен минометтердің оқ жаудыруымен басталса, соңғы Берлин ұрысы қыймылдарына 41 мыңнан аса зеңбіректер мен минометтер қатынасты. Біздің өнеркәсібіміз майданның оқ-дәрі жөніндегі қажетін де толық қамтамасыз етіп отырды. Тек бір 1944 жылдың өзінде ғана 240 миллион снаряд, бомба мен мина — патшалық Россияның өнеркәсібі бүкіл дүниежүзілік бірінші соғыс бойы өндірген оқ-дәріден екі есе көп өндірді. Ұлы Отан соғысының майдандарында және тылда біздің барлық жеңістеріміздің

Жас музыкашылардың концерті

Жуырда Петропавлдың балалар музыка мектебінде оқу жылының бірінші тоқсанының аяқталуына арналған ашық концерт болды. Концертке барлық оқу отличниктері қатысты.

Концертке қатысушылар 2-класс оқушысы Светлана Крымованың, 6-класс оқушысы Флора Калугинаның, 7-класс оқушысы Алла Усаевичтің және басқаларының орындаған күйлерін сүйсіне тыңдады.

Жеті жасар Саша Қорсаков Сулимовтың «Пионерская зорька» музыкасын өте жақсы орындады.

Оқытушы Әлжановтың басқаруындағы 12 адамнан құрылған домбырашылар ансамблі қазақтың халық күйі «Қос алқаны» шеберлікпен орындап берді.

Оқу жылы басталғаннан бері мектептің оқытушылар құрамы оқушылар арасында бірқатар жұмыстар жүргізді. Негізгі сабақтан тыс оқушылар үшін концерттер мен әңгімелер ұйымдастырылды.

Музыка мектебі оқушыларының күшімен Киров атындағы ер балалар орта мектебінің 10-класс оқушылары үшін концерт берілді. Мұндай концерттер басқа мектептердің оқушылары үшін де берілетін болады.

Ауылшаруашылық өнімдерін сату

Соколов ауданының колхоздары мемлекетке астық, ет, сүт, картоп және овощ өнімдерін тапсыру жөніндегі жоспарды орындағаннан кейін артық ауылшаруашылық өнімдерін жаңа көтеріңкі бағамен сатуды ұйымдастыруда.

Тұтынушылар кооперациясына Молотов атындағы колхоз 78 центнер ет, 617 центнер картоп, 161 центнер овощь, «Путь Ленина» колхозы 128 центнер ет, 300 центнер сүт, Пушкин атындағы колхоз 1000 центнер астық сатты. Сол сияқты, мемлекеттік сауда орындарына Сталин атындағы, «Победа», «Путь Ильича» тағы басқа колхоздар көптеген ауылшаруашылық өнімдерін сатып, мыңдаған сом ақшалай табыс алды.

Ауылшаруашылық өнімдерін сатудан түскен ақшалай табыстарға аудан колхоздары кәзірдің өзінде 7 жүк автомашинасын, 400 текшеметрден астам құрылыс ағаштарын, бірсыпыра шиферлер, әйнек тағы басқа құрылыс материалдарын және майшайқағыштар, механикаландырылған астық кептіргіштер, сыйыр сауатын электр агрегаттарын сатып алды.

Малшыларға қосымша ақы берілді

Коминтерн атындағы колхоздың (Булаев ауданы) мал өсірушілері быйыл алынған төлдерді шығынсыз өсіру жо-

„Европалық армия“ құру туралы мәселе жөнінде Францияның буржуазиялық партияларындағы алауыздықтар

ПАРИЖ, 19 ноябрь. (СОТА). Француз баспасөзі «европалық армия» құру жобасына көзқарас туралы мәселе жөнінде өртүрлі саяси партияларда ішкі алауыздықтардың күшейгендігін хабарлайды. Газеттердің жазуынша, бұл алауыздықтар, әресе, соңғы екі күннің ішінде күшейіп кетті.

Бұрын хабар етілгендей, Францияның социалистік партиясының 42 мүшесі «европалық армия» үшін идеологиялық бұркеніш болып табылатын «Европа Құрама Штаттарын құру жолындағы социалистік қозғалыстан» шықты. Бұл оқыйға «европалық армияны» жақтаушылардың арасында және ең алдымен Г. И. Молле бастаған социалистік партия басшыларының арасында абыржушылық тудырды.

Социалистік партияның парламенттік тобы мәжілісінде «европалық қорғаныс бірлестігін» мақұлдайтын Жақэ және Пано жобасы талқылануда. Бұл жоба 31 дауыспен қабылданбады, жобаны жақтап 22 адам дауыс берді. Одан кейін Г. И. Молле социалистік партияның соңғы кездегі бұл мәселе жөніндегі қарарының негізгі ерекшелерін қайталайтын басқа жоба ұсынды. Кейбір ескертулермен жабықталған бұл жоба да 33 дауыспен қабылданбай қалды, мұны жақтап 27 адам дауыс берді. Партияның ішіндегі қарсылықты жою үшін Молле кеше комитеттің мәжілісін шақырды, оны барлық мүшелердің үштен екі бөлегіндей қолдайды. «Позицияшыларды жететін болу үшін, — деп жазды

«Комба» газеті, — ол басшы комитеттің мәжілісіне республика советінің негізінде «европалық армия» болып табылатын социалистік топтың өкілдерін шақырды. Екі сағат талқылаудан кейін депутат-социалистер үшін дауыс беру тәртібін тағайындайтын және «европалық армия» принцилін мақұлдайтын қарар қабылданды, мұны жақтап 66 дауыс берілді, 35 дауыс қарсы болды, 5 адам дауыс бермей қалыс қалды.

Олай бола тұрса да, дейді газет, бұл мәжілістен кейін соғыс договорына қарсы адамдар «европалық армия» құрылуын көздейтін қарарды үкмет көпшілігі шығарса да немесе қайсы бір басқа парламенттік топ шығарса да бәрібір сол қарарды жақтап еш уақытта дауыс бермейтіндіктерін мәлімдеді.

Басқа партиялардың ішінде де осындай істе алауыздықтар бар, деп жазады газет. Егер өткен жылы ГДСР партиясында «европалық армия» құруға қарсы шыққан депутат біреу ғана болса, кәзіргі уақытта олардың саны 10-ға жетті».

«Шаруалар партиясының» парламенттік тобының кешегі мәжілісінде де іс жүзінде жікке бөлінушілік болды. Бұл топтың мүшелерінің жартысы «европалық армияны» мақұлдауды жақтап дауыс беруден бастартты. «Комба» газетінің атап көрсетуінше мұның үстіне «тәуелсіз республикашылардың» үштен бір бөлегін және «европалық армия» құруға қарсы шығып отырған 20-дан астам радикалды қосу керек.

«Европалық армияға» қарсы

ПАРИЖ, 19 ноябрь. (СОТА). Францияның радиосы хабар еткеніндей, бұрынғы майданда болғандар ассоциациясының француз одағы баспасөзде жариялауға берген хатында «европалық

армия» құруға қарсы екендігін мәлімдейді. Бұл одаққа 50 ассоциация кіреді және оның қатарында 2.600 мың мүше бар.

Францияның ұлттық жыйналысындағы айтыстар

ПАРИЖ, 19 ноябрь. (СОТА). Францияның ұлттық жыйналысының кеше кешкі мәжілісінде «Біріккен Европа» құру және «Европалық қорғаныс бірлестігі» дейтінді құру жобалары туралы мәселе жөнінде айтыстың жалғасы болды.

Бірінші болып ГДСР мүшесі депутат Эдуард Бонсу сөйледі, бұл аталған жобалар француз халқының заңды абыржушылығын тудырып отыр, деп ол атап көрсетті.

«Олардың құрғысы келіп жүрген Европасы, — деді ол, — басына сауыт, аяғына етік киген Европа. Біздің күткен Европамызды мазақтағандық болып табылады. Әуел бастан ақ өзінің тәуелсіздігінен бастартқан бұл соғыс бірлестігі іс жүзінде Құрама Штаттардың алдыңғы саптағы әскерлері болады».

және Париж договорларын бекіту керек пе, бекітпеу керек пе деген үзілді-кесілді мәселе тұр, деді ол. Жобаланып отырған «европалық армия», деді бұдан соң Бийу, америка генералының басқаруында болады, ол армия империалистік коалицияның агрессивиялық мақсаттарына қолданылып қана қоймайды, сонымен қабат, «ішкі тәртіпсіздіктер» дейтіндер кезінде де, яғни ереуілшілерге және манифестаншыларға қарсы қолданылады.

Бонп және Париж договорлары үлкен хауіп болып табылады, бұл хауіп бірден бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке, Францияның хауіпсіздігі мен тәуелсіздігіне, жұмысшы табының және тұтас алғанда, бүкіл халықтың мүдделеріне төнеді. Коммунистік партия барлық француздарды үш жақтан бірдей төңе-

нің дамығанлық саясатының негізі — еңбекшілердің мүддесі жөнінде тынбастан қамқорлық жасау, социалистік мемлекетті және Отанымыздың хауіпсіздігін барған сайын нығайта беру, халықтар арасындағы бейбітшілікті сақтау, нығайту болып табылады. Міне, сондықтан партияның саясатын совет халқы және демократиялық лагердегі елдердің халықтары бірауыздан қолдайды, бүкіл прогрестік адам зат тілектестік білірін қолдайды.

Совет Қарулы Күштері совет адамдарының бейбіт жемісі еңбегін сырттан қол сұғудан қырағы қорғауы өзінң ұлы абройын міндеті деп есептейді. Әскердің басқа түрлерінің жауынгерлерімен бірге, совет артиллерияшылары да Отан мүддесінің қырағы күзетінде тұр.

Бүкіл Совет Армиясымен бірге совет артиллериясы шетел интервенттеріне және ақ гвардияшыларға қарсы ұрыстардың барысында ұйымдастырылды. Ол бұдан 600 жылдан аса уақыт бұрын құрылған айбынды орыс артиллериясының жақсы дәстүрлерін өз бойына дарытты. Біздің отандық артиллериямыздың ұйымдастыру мен қарулану саласында да, сол сыяқты, ұрыстарда оны қолдану саласында да өзіндік творчестволық жолмен дамып, басқа мемлекеттердің артиллерияларынан ондаған жылға ілгері озғаны мәлім.

Бұралмалы және тез атылатын зеңбіректер, ауыр артиллерия, минометтер, артиллерия техникасының және басқа көптеген түрлері Россияда басқа елдерден бұрын ойлап шығарылды. Ракеталы техниканы ұрыста пайдалану мәселелері, артиллериялық жүйе мен оқ-дәріні жобалау мәселелері мейлінше терең зерттелді. Көптеген ғасырлар бойы орыс артиллерияшыларының жауынгерлік шеберліктері мен батырлықтары жөніндегі даңқы шықты. Алайда, Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін орыс артиллериясы қолайлы жағдайда дамыған жоқ. Өнеркәсіптің артта қалуы артиллериялық қару-жарақтың жаңа түрлерін жасау ісіне кедергі болды. Орыстардың артиллерия саласында талқан көптеген аса бағалы жаныялықтары мен өнерлері жүзеге аспай қалды және оларды шетелдіктер арсыздықпен иемденді. Соғыс ведомствосының көптеген инженерлерінің консерватизмі және олардың шетел «жаналықтарының» алдында соқыр сеніммен баю иісі артиллерияны жетілдіру ісін жүзеге астырмады.

Тек Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін ғана, жаңа қоғамдық және мемлекеттік құрылыс жағдайында отандық ғылым мен техниканы, оның ішінде артиллерияны да дамыту үшін зор мүмкіншіліктер туды.

Азамат соғысы жоқ совет артиллериясы үшін орасан зор сын болды, бұл сыннан ол аброймен өтті. Жас Совет республикасын туындықтырауға тырысқан американдық, ағылшын, жапон және басқа интервенттер совет зеңбіректерінен ойсыраған соққы жеді.

Болчаққа, Деникинге, Юденичке, Врангельге қарсы, империалистік буржуазия-

капиталистік мемлекеттердің триумфында негізінен танктер мен авиацияны дамытуға көңіл бөлінді де, артиллерияның ролі жете бағаланбады. Осының салдарынан неміс-фашист армиясы дүниежүзілік екінші соғысқа дүниежүзілік бірінші соғыстың ақырындағы артиллерияның даму дәрежесімен кіресті, ал, американдық артиллериясы соғысқа кіріскенде оның француздардың 1897 жылғы үлгідегі 75 миллиметрлік зеңбірегінің үлгісін өзгертіп жасаған дивизиялық және танкке қарсы артиллериясы бар еді. Ағылшын армиясы артиллериясының жағдайы да бұдан жақсы болған жоқ. Ағылшындар тек донкер апатынан кейін өзінң артиллериясын қайта қаруландыруға кірісіп, бұл жұмысты соғыстың соңғы кезінде ғана аяқтады. Сонымен, кәзіргі замандағы бүкіл армиялардың ішінде кәзіргі замандағы соғыстың барлық талаптарына жауап бере алатын қуатты артиллериясы бар бірден-бір армия Совет Армиясы ғана болды.

Ұлы Отан соғысы кезінде біздің артиллериямыз Совет Армиясының жауға оқ жаудырып, негізгі соққы беретін күші болды. Кескілескен қорғану ұрыстарында біздің артиллерияшыларымыз әскердің басқа түрлерімен бірлесіп қыймыл жасай отырып, жаудың техникасы мен адам күшіне ойсырата соққылар берді. Тек Москва түбіндегі ұрыстардың өзінде ғана неміс-фашист басқыншылары негізінен артиллерияның оқ жаудыруына 1500 танкісінен айрылды. Қорғаныс кезінде және әсересе танкке қарсы күресте біздің артиллериямыз өзінң қыймылымен дүниежүзілік екінші соғыста басқа соғысушы елдердің артиллерияларынан артықшылығын көрсетті.

1942 жылғы 19 ноябрьде, Совет Армиясы Сталинград түбінде қарсы шабуыл бастағанда совет артиллериясы бұрын-соңды болмаған тереунді күшпен дүшпанға тап беріп, біздің жау әскерлеріміз бен танктерімізге жол ашты. Гитлершілдердің 330 мыңдық армиясы біздің әскерлеріміздің тездірлей құрсаулы қоршауында қалып, одан олардың бірде-бір солдатты шыға алмады. Кейіннен осы тарихи күн Артиллерия күні болып белгіленді.

Совет Армиясының шабуылды қыймылдарында артиллерия оқ жаудырып, жаудың қорғаныс шеңберін қыйратып отырды, сөйтіп, жау әскерлер мен танктерді қолдады. Ол 1943—1944 жылдардағы ұрыс қыймылдарында Совет Армиясының неміс-фашист әскерлерін талқанлауын қамтамасыз етті. Совет артиллериясының қуаты, әсересе, соғыстың ақырғы кезеңінде біздің әскерлеріміздің Вислала, Шығыс Пруссияда, Будапешт ауданында, Одерде жүргізілген шабуылды ұрыс қыймылдарында және Берлин түбіндегі ұрыс қыймылдарында айқын көрінді.

Совет артиллериясы жапон империализмін талқандау кезінде де өзінң күшін көрсетті. Ол империалистік Жапонияның негізгі соғыс күші — миллиондаған Кван-

тун армиясы және ұшындағы ұрыстарда Совет Одағының даңқты Коммунистік партиясы болды. Коммунистер совет адамдарын жауынгерлік және еңбек ерліктеріне жігерлендірді. Олар шабуыл жасаушы жауынгерлердің алдыңғы сапында болды. Олар өздерінің ерлік және батырлық істерімен жауынгерлерді теңдесі жоқ ерлікке жігерлендіріп отырды.

Совет артиллерияшылары Ұлы Отан соғысы жылдарында совет халқы мен Коммунистік партияның жоғары сенімін аброймен ақтады. Отанымыз олардың ерлігі мен батырлығын жоғары бағалады. Ұлы Отан соғысының майдандарындағы тамаша ерлік істері үшін Совет Армиясының 1800-ден аса артиллерияшылары — солдаттар, сержанттар, офицерлер мен генералдар Совет Одағының Батыры атағын алуға лайық болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында 1200 мың артиллерияшылар Совет Одағының ордендерімен және медалдарымен наградалды.

Соғыстан кейінгі жылдарда Коммунистік партия мен Совет Үкметінің үздіксіз қамқорлығы нәтижесінде совет артиллериясы бұрынғыдан да жетілдіріле түсеуде. Артиллерия бұрынғыдан да артық жауынгерлік сапасы бар техниканың жаңа түрлерімен жабдықталған. Ұлы Отан соғысының тәжірибелерін мұқият зерттеу негізінде артиллерияны ұрыстарда және соғыс қыймылдарында қолданудың негүрлым жаңа озат түрлері жасалды.

Совет Одағы соғыс өртіп тұтандырушылардың тіміскіленуін әшкерелеу саясатын, бейбітшілікті сақтау және нығайту саясатын лайықтылықпен және қажырлықпен жүргізуде. Сонымен бірге, адамзатты дүниежүзілік жаңа соғыстың апатына дүшар етуге тырысып отырған АҚШ-тың империалистік топтары бастаған империалистік лагерь тарапынан агрессия қаупі бар екенін Совет Одағы естен шығармайды. Міне, сондықтан да Г. М. Маленков ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясындағы сөзінде былай деп атап көрсетті: «...бейбітшілік ісі үшін табандылықпен күрес жүргізе отырып, біз сонымен қатар, өзміздің қасиетті борышымызды берік есте сақтап, ұлы Совет Одағының қорғанысын үздіксіз нығайтып, жетілдіре беріміз керек. Егер кімде-кім есуастық істеуге ойлап, біздің Отанымыздың хауіпсіздігін бұзуга әрекет жасасамақ болған ретте біз мұны істеуге міндеттіміз. Совет адамдары соғыстың қандай да болса авантюристері мен араңдатушылардың ақылданған арынын басуға және оларға Совет Одағының социалистік жеңістері мен қуатын күрметтеуге арқандан да әзір болулары керек».

Совет артиллерияшылары өздерінің жауынгерлік шеберліктерін, ұйымшылдығы мен тәртібін жетілдіре беруге, соғыс өртіп тұтандырушылардың совет халқының бейбіт еңбегін бұзбақ болған әрекеттерінің бәріне әр уақыт соққы беру үшін бөлімдер мен бөлімшелердің жауынгерлік әзірлігін нығайта беруге берік бел байлаған.

қармасы олардың бұл еңбегін жоғары бағалап, еңбеккүнге қосымша ақы ретінде малшыларға 4 тайша, 4 тоқты және 5 торай берді.

Бұзау күтуші М. Татарина, А. Денисюк, М. Кухаренко жолдастардың әрқайсысы 30 бұзауды аман өсіргені үшін бір тайша алды.

Қарамағындағы 15 сыйырдан 15 бұзау алып, оларды шығынсыз өсірген сауыншы Н. Орлова қосымша ақыға бір тайша, шошқа күтуші Э. Роллер 2 торай алды.

Колхоз малшылары кәзір мал қыстау маусымын ойдағыдай өткізу үшін күш жұмсауда.

Движок сатып алынды

Октябрь ауданындағы «Балуан» колхозының басқармасы колхозды көркейту, колхозшылардың мәдени және тұрмыс қажетін өтеу мәселесіне жете көңіл бөліп отырады. Быыл колхозда бірқатар жаңа құрылыстар салынды.

Мұнда жуырда движок сатып алынған болатын. Ол орнатылып, пайдалануға берілді.

Колхоз басқармасы іріленген, мәдениеті өскен колхозды ауылды электр жарығымен қамтамасыз етіп, еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру үшін динамо сатып алуды жоспарлап отыр.

Жаңа аспаптар

Петропавлдағы балалар музыка мектебі жаңа музыка аспаптарын сатып алуға. Быыл Александровка музыка комбинатынан қазақтың музыка аспаптары мен екі пианино сатып алынды.

Оқу жылының аяғына дейін тағы да бірқатар музыка аспаптары сатып алынбақ.

Ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын бөлім Қарағанды облысында — металлургия өнеркәсібінде, Молотов облысында — ағаш өнеркәсібінде, сол сыяқты, ССРО-ның басқа қалаларында, Петропавлда және Омскіде құрылыстарда жұмыс істеу үшін ер және әйел жұмысшылар алады.

Шарт жасасқан жұмысшыларға 150 сомнан 600 сомға дейін қайтарып алынбайтын қарыз, жолда жүрген күндеріне 10 сомнан 15 сомға дейін тәуліктік ақы төленеді.

Жұмысшының өзі және семья мүшелері баратын жеріне тегін жеткізіледі. Жұмыс істейтін жеріне барып жеткеннен кейін жақсы пәтер үймен, жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа қабылдау тәртібі туралы Петропавл қаласында Папаниа көшесі, 98-үйге келіп, немесе 5-47 телефон арқылы, Петропавл станциясында — түсінік алу бюросы жанындағы, селолық жерлерде аудандық Совет атқомдері жанындағы ұйымдасқан түрде жұмысшылар алатын өкілдерге келіп түсінік алуға болады.

Петропавл элеваторына жұмысшылар, жүк тиеушілер және шофер -мотовозис КЕРЕК. Адрес: Осипенко көшесі, 5-үй. Кадр бөлімі.

«Европалық армия» құрылуының француз экономикасына және Францияның тәуелсіздігіне соғыс барысында қандай қатер туғызатындығын айта келіп, Бонсу қаралып отырған жобаларды қабылдаған күнде француз армиясы жойылған болар еді, ал, Батыс Германияның армиясы қалпына келтірілген болар еді, деп атап көрсетті.

«Европалық армия» құруды қостаған Сенгор (батыс жағындағы жерлерден сайланған тәуелсіз депутаттар тобының мүшесі) және де Мантон (МРП) сөйлеп болғаннан кейін мінбеге депутат — коммунист Франсуа Бийу шықты. Кәзіргі уақытта Францияның алдында Бонн

тің бұл қатердің алып алуына үлкен бөгет жасауға шақырады. Бонн және Париж договорлары Францияның өмір сүруі, не өлуі туралы мәселе болып отыр. Бұл договорларға қарсы күресе отырып, біз Европада және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайту жолында, Францияның тәуелсіздігі мен хауіпсіздігі жолында, ұлтқа қарсы бүкіл бұл саясаттың шығындарын көтеретін еңбегін халықтың ішын мүдделері жолында күресеміз.

Француз саясатына, бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, демократиялық бостандықтар мен әлеуметтік прогресс саясатына жететін уақыт жетті, деді Бийу.

АВСТРИЯДА ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ӨСУІ

ВЕНА, 20 ноябрь. (СОТА). Баспасөздің парламенттік қызметінің хабарына қарағанда, Австрияның әлеуметтік қамсыздандыру министрі, оңшыл социалист Майсель парламенттің бюджет-финанс комитетінің мәжілісінде сөз сөйлеп, елде жұмыссыздықтың жыл сайын көбейіп келе жатқандығын дәлелдейтін

мәліметтер келтірген. Австрияның еңбек біржаларында 1951 жылдың октябрь айының аяқ кезінде 72 мың жұмыссыз тізімге алынса, 1952 жылғы октябрьдің аяғында олардың саны 128 мыңға, ал, үстіміздегі жылдың октябрь айының аяғында 137 мыңға жеткен.

ГОМИНДАНШЫЛАРҒА БЕРІЛЕТІН АМЕРИКАНДЫҚ СОҒЫС КӨМЕГІ

НЬЮ-ИОРК, 20 ноябрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабарына қарағанда, Қыйыр Шығысты үш апта бойы араудан оралған соғыс-теңіз күштері

штабының бастығы адмирал Кэрни баспасөз конференциясында АҚШ-тың соғыс-теңіз флоты гоминданшыларға өкізмінең беретіндігін мәлімдеген.

ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ҚАЛАЛЫҚ СОВЕТІ СЕССИЯСЫН ШАҚЫРУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің атқару комитеті 1953 жылы, 25 ноябрьде, күндізгі сағат 2-де (Шомерлер үйінде еңбекшілер депутаттары қалалық Советінің VIII сессиясының (төртінші шақырылуы) шақырылатындығын қалалық Совет депутаттарының есіне салады.

Қалалық Советтің атқару комитеті.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДҮШПАНДАР»
Сеанстар (1-сериясы) сағат 4,30-8,10, (2-сериясы) 6,30-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«МЕНИҢ КІШКЕНЕ ДОСЫМ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Петропавл қаласы. Пролетар көшесі, 3-үйде тұрушы Николай Антонович Уйменов, Петропавл қаласы, Совет көшесі, 73-үйде тұрушы Ольга Павловна Уйменовадан айрылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы № 2 участоктік халық сотында қаралады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.